Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	1-тапсырма Сол қатардағы жоғалған санды тауып, сол санның көршілері аталуы керек. Мысалы: «Қай сан жоқ?» деген сұраққа «2 жоқ» деп жауап береді. «2 санының көршісі қандай сандар?» деген сұраққа «2 санының көршілері 1 мен 3 сандары» деп жауап берулері керек. 2-тапсырма Сурет бойынша логикалық есептер шығару. -Аквариумде 3 балық болды, тағы бір балық әкеліп қостық. Неше балық болды? $3+1=4$. 2 тұлкіге 1 тұлкіні қосқанда 3 тұлкі болады. 2 кірпіге 3 кірпіні қосқанда 5 кірпі болады. 3 қоянның қасына тағы да бір қоян келіп қосылды. Неше қоян болды? $3+1=4$. Төрт қоянның біреуі қашып кетті, нешеуі қалды?	Балалар өлең мен тапсырманы мұқият тыңдайды. Ойынды қызығушылықпен ойнайды.
Сергіту сәті	Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Артқа қарай бір адым Алдыңа қарай бір адым Жоғары төмен қарайық Орнымызды табайық.	Қимылмен көрсетеді
Рефлексивті — түзетушілік	- Бүгінгі оқу іс-әрекетімізде не үйрендіңдер?	Сұрақтарға жауап береді
Күтілетін нәтиже:		
Білу	Тапсырма мазмұнын толық есте сақтады.	
Өзіне үйренгені	Жаңа білімді түсінеді	
Үйрену	Сұрақтарға толық жауап беруге үйрену.	

Текізілімі: 08.04

Оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың технологиялық картасы.

МАД "Б"	Тәрбиеші: А.Жұпарғалиева	Күні: 15.03.2022ж.
Білім саласы	Вариативтік компонент	
Оқу іс-әрекеті	Сандар сыры	
Тақырыбы	7 саны мен цифры	
Сабақтың мақсаты	Балаларды 7 санының құрамымен таныстыру, 7 санын қосу және азайту тәсілдерін түсіндіру. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін ауызша және жазбаша есептеу дағдыларын қалыптастыру.	
Көрнекіліктер	Үлестірмелі суреттер, плакат т.б	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	«Мен кішкентай баламын, Мен мектепке барамын. Оқу оқып, білім ап, Кілең бестік аламын». Сәлемдесіп достармен Қуанып мен қаламын.	Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	Жаңа сабақты түсіндіру 7 санын тақтаға көрсету. (саусақты бояуға батырып қағазға жазу) - Біз өмірде жеті санын қайда, қалай қолданып жүрміз? - Ертегіде Кемпіркосақтың түсі жетеу. 1 аптада жеті күн бар. 7 - желпек. 7 - ата. Апта күндерін рет - ретімен тақтаға қою(әр балаға тарату) 1 саны - дүйсенбі 2 саны - Сейсенбі 3 саны - Сәрсенбі 4 саны - Бейсенбі 5 саны - Жұма 6 саны - Сенбі 7 саны - Жексенбі №1 тапсырма Цифрларды бастырып сыз. Неше құмырсқаның жүгі жок? 6 құмырсқаның жүгі жок. 3 тапсырма $4+2=6$ $3+3=6$ $1+5=6$ $0+6=6$	Балалар сұрақтарға жауап береді. Берілген тапсырмаларды орындайды.
Сергіту сәті	Қане қанат жазайық, Қарлығашқа ұқсайық. Ұшып-ұшып алайық, Орнымызға қонайық. Білімде алда болайық.	қимылмен көрсетеді
Рефлексивті — түзетушілік	Бүгінгі оқу-іс әрекетімізде біз нені үйрендік?	Сұраққа жауап береді.
Күтілетін нәтиже:		
Білу	Алған білімдерін естерінде сақтайды.	
Өзіне үйренгені	Жаңа білімді түсінеді	
Үйрену	Математикалық тапсырмаларды орындай алады.	

Бекітілген Оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың технологиялық картасы.

МЛД "э"	Тәрбиеші: А.Жұпарғалиева	Күні: 5.04.2022ж.
Білім саласы	Вариативтік компонент	
Оқу іс-әрекеті	Сандар сыры	
Тақырыбы	8 саны	
Сабақтың мақсаты	Балаларды 8 санының құрамымен таныстыру, 8 санын қосу және азайту тәсілдерін түсіндіру. Ертегіні зейін қоя тыңдауға, ұшқыр ойлап, тез жауап беруге тәрбиелеу. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін ауызша және жазбаша есептеу дағдыларын қалыптастыру.	
Көрнекіліктер	Үлестірмелі суреттер, плакат т.б	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	«Мен кішкентай баламын, Мен мектепке барамын. Оқу оқып, білім ап, Кілең бестік аламын». Сәлемдесіп достармен Қуанып мен қаламын.	Балалар аңдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	Жаңа сабақты түсіндіру 8 санын тақтаға көрсету. №1 тапсырма Суретте қандай заттар бейнеленген? Заттарды екі топқа бөл. Заттар тобын ата, неше алма, машина, мойын орамал, текше және т.б. бар. Цифрды заттар тобымен сәйкестендіру. №2 тапсырма 8 санның құрамы. 8 сапып қандай сандардан құрастыруға болады. $7+1$, $6+2$, $5+3$, $4+4$, $3+5$, $2+6$, $1+7$, $8+0$ Логикалық есептер 1) Далада бес бала ойнап жүр, оның екеуі кет қалды? Барлығы неше бала ойнап жүр. 2) Үстел үстінде 3 қияр, 2 сәбіз тұр. Үстел үстінде барлығы қанша көкөніс бар? (5). Ағашта екі құс отыр, оған екі құс ұшып келді? Барлығы неше құс (4)	Балалар сұрақтарға жауап береді. Берілген тапсырмаларды орындайды.
Сергіту сәті	Қане қанат жазайық, Қарлығашқа ұқсайық. Ұшып-ұшып алайық, Орнымызға қонайық. Білімде алда болайық.	жимылмен көрсетеді
Рефлексивті — түзетушілік	Бүгінгі оқу-іс әрекетімізде біз нені үйрендік?	Сұраққа жауап береді.
Күтілетін нәтиже:		
Білу	Алған білімдерін естерінде сақтайды.	
Өзіне үйренгені	Жаңа білімді түсінеді	
Үйрену	Математикалық тапсырмаларды орындай алады.	

Текізілген: *с/п*

Оқу іс –әрекетін ұйымдастырудың технологиялық картасы.

МАД"б"	Тәрбиеші: А.Жұпарғалиева	Күні:12.04.2022ж.
Білім саласы	Вариативтік компонент	
Оқу іс-әрекеті	Сандар сыры	
Тақырыбы	8 көлемінде қосу және азайту.	
Сабақтың мақсаты	Балаларға 8 санын қосу және азайту тәсілдерін түсіндіру. Ертегіні зейін қоя тыңдауға, ұшқыр ойлап, тез жауап беруге тәрбиелеу. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін ауызша және жазбаша есептеу дағдыларын қалыптастыру.	
Көрнекіліктер	Суреттер	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	Қол алысып, кәне біз, Достасайық бәріміз Айтарым бар сендерге. Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру!	Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	II.Суретпен жұмыс - Балалар суретте не көріп тұрсыңдар? - Осы заттардың сынарын табу Орындық - жиһаз, қой -жүн, сиыр-сүт, балық -су. 1-тапсырма екі балада 10 алмұрт бар. Олардың біреуі бір алмұрт жеді, ал екіншісі 3 алмұрт жеді. Сонда олардың қолдарында сандары бірдей алмұрттар қалды.Әуелде екеуінде қаншадан болған? 2 - тапсырма Үстел үстінде үш стакан шие тұр. Марат бір стакан шиені жеп қойды. Неше стакан қалды? Жауабы: екі стакан 3-тапсырма Үстел үстінде төрт алма тұр. Бір алманы алып ортасынан бөліп қайта қойды. Үстел үстінде неше алма болды? Жауабы: 5 алма 4-тапсырма 3-тапсырма екі балада 10 алмұрт бар. Олардың біреуі бір алмұрт жеді, ал екіншісі 3 алмұрт жеді. Сонда олардың қолдарында сандары бірдей алмұрттар қалды.Әуелде екеуінде қаншадан болған?	Балалар сұрақтарға жауап береді Берілген есептерді шығарады.
Сергіту сәті	Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Артқа қарай бір адым Алдыңа қарай бір адым Жоғары төмен қарайық Орнымызды табайық.	Қимылмен көсетеді
Рефлексивті — түзетушілік	- Бүгінгі оқу іс-әрекетімізде не үйрендіңдер?	Сұрақтарға жауап береді
Күтілетін нәтиже:		
Білу	Тапсырма мазмұнын толық есте сақтады.	
Өзіне үйренгені	Жаңа білімді түсінеді	
Үйрену	Сұрақтарға толық жауап беруге үйрену.	

МАД"б"	Тәрбиеші: А.Жұпарғалиева	Күні: 19.04.2022ж
Білім саласы	Вариативтік компонент	
Оқу іс-әрекеті	Сандар әлемі	
Тақырыбы	9 саны мен цифры	
Сабактың мақсаты	9 санын қосу және азайту тәсілдері жайлы оқушылардың білімдерін бекіту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін ауызша және жазбаша есептеу дағдыларын қалыптастыру. Алға қойған мақсатқа жетуге ойшылдыққа, шапшаңдыққа және тиянақтылыққа тәрбиелеу.	
Көрнекіліктер	Суреттер	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	«Мен кішкентай баламын, Мен мектепке барамын. Оқу оқып, білім ап, Кілсең бестік аламын». Сәлемдесіп достармен Қуанып мен қаламын.	Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
Ұйымдастыру іздестіру Жана сабақ	1- тапсырма Ұядан аралар ұшып шықты. Оларды тоғыз арадан қоршап сызу. Барлығы 18 ара $9+9=18$ ара. Аралар 2 бөліктен қоршалады. 2 - тапсырма Жапсырма жұмыс Алма ағашының екі жағында алмаларды санау. Санын жазу. Ағаштағы барлық алма санын көрсететін цифрды жапсыру. 1 алма ағашында барлығы 8 алма 2 алма ағашында 9 алма 3 алма ағашында 6 алма 8,9,6 сапып жапсыру 3 - тапсырма Қай себетте доа саны артық? Қай себетке кішкентай доптар саны кем? 1 себетте 7 доп 2 себетте 8 доп Екінші себетте неше доп артық. Бірінші себетте неше кішкентай доптар саны кем.	Балалар барлық кимылдарды тәрбиешіге қарап, қайталайды. Берілген тапсырмаларды орындайды.
Сергіту сәті	Қане канат жазайық, Қарлығашқа ұқсайық. Ұшып-ұшып алайық, Орнымызға қонайық. Білімде алда болайық	кимылмен көрсетеді
Рефлексивті — түзетушілік	- Бүгін біз қандай санмен таныстық?	.

Күтілетін нәтиже:	
Білу	Алған білімдерін естерінде сақтайды.
Өзіне үйренгені	Жаңа білімді түсінеді
Үйрену	Математикалық тапсырмаларды орындай алады.

МАД"б"	Тәрбиеші: А.Жұпарғалиева	Күні: 26.04.2022ж.
Білім саласы	Вариативтік компонент	
Оқу іс-әрекеті	Сандар сыры	
Тақырыбы	9 көлемінде қосу және азайту.	
Сабақтың мақсаты	Балаларға 9 санын қосу және азайту тәсілдерін түсіндіру. Ертегіні зейін қоя тыңдауға, ұшқыр ойлап, тез жауап беруге тәрбиелеу. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін ауызша және жазбаша есептеу дағдыларын қалыптастыру.	
Көрнекіліктер	Суреттер	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	Қол алысып, кәне біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру!	Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	Негізгі бөлім 1-тапсырма Серікте 2 конжық, 3 машина бар. Серікте барлығы неше ойыншық бар? Есептің шешуін жазамыз: $3+2=5$ Жауабы: Серікте 5 ойыншық бар. 2-тапсырма $3+3=6$ $5-1=4$ $4+3=7$ $4-1=3$ 3-тапсырма Сандардың түстеріне қарап үйді боя. 4-тапсырма Балалар қатар бойынша 3 топқа бөлініп, тақтадағы мысалдарды кезекпен орындап жарысады. Жылдам әрі дұрыс орындаған топ жеңімпаз атанады. $5+5=$ $10-0=$ $3+3=$ $2+1=$ $0+1=$ $3-3=$ $3-0=$ $6-3=$ $4+1=$ $5+2=$ $5-2=$ $7-5=$ $10-3=$ $8+2=$ $4-2=$	Балалар барлық қимылдарды тәрбиешіге қарап, қайталайды. Берілген тапсырмаларды орындайды. 3 топ болып есеп шығарады
Сергіту сәті	Оңға, оңға түзу тұр. Солға, солға түзу тұр. Артқа қарай бір адым Алдыға қарай бір адым Жоғары төмен қарайық Орнымызды табайық.	Қимылмен көсетеді
Рефлексивті — түзетушілік	- Бүгінгі оқу іс-әрекетімізде не үйрендіңдер?	Сұрақтарға жауап береді
Күтілетін нәтиже:		
Білу	Тапсырма мазмұнын толық есте сақтады.	
Озіне үйренгені	Жаңа білімді түсінеді	
Үйрену	Сұрақтарға толық жауап беруге үйрену.	

Бекітесіні: Оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың технологиялық картасы.

МАД"б"	Тәрбиеші: А.Жұпарғалиева	Күні: 3.05.2022 ж.
Білім саласы	Вариативтік компонент	
Оқу іс-әрекеті	Сандар сыры	
Тақырыбы	10 саны мен цифры	
Сабақтың мақсаты	10 санымен және оның жазылуымен 10 санның құрамымен таныстыру. 10 - ға дейінгі реттік санды бекіту. Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.	
Көрнекіліктер	Суреттер	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	«Мен кішкентай баламын, Мен мектепке барамын. Оқу оқып, білім ап, Кілең бестік аламын». Сәлемдесіп достармен Қуанып мен каламын.	Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	- Балалар біз бұрын қандай сандармен таныстық? -Қане бәріміз тура санайықшы -Кері қарай санайықшы Әліппе дәптермен жұмыс 1- тапсырма Суретте саны 10-ға дейін түрлі заттар берілген. Заттарды топқа бөлу. Санда заттар тобымен сәйкестендіру. Үстелге 1 және 0 саны қойылды. Бұл сан екі цифрмен жазылады. 2 - тапсырма Кестеде қандай геометриялық фигуралар бейнеленген? Шеңбер, шаршы, үшбұрышқа ұқсайтын заттарды ата. Кестеге қажетті фигураларды салу. № 3 тапсырма Саусақ қимылмен дамыту. Қажетті цифрларды табу. Бастырып шығу. Торкөздегі үзік сызықтармен 10 санын бастыру.	Балалар барлық қимылдарды тәрбиешіге қарап, қайталайды. Берілген тапсырмаларды орындайды.
Сергіту сәті	Қане қанат жазайық, Қарлығашқа ұқсайық. Ұшып-ұшып алайық, Орнымызға қонайық. Білімде алда болайық	қимылмен көрсетеді
Рефлексивті — түзетушілік	- Бүгін біз қандай санмен таныстық?	-
Күтілетін нәтиже:		
Білу	Алған білімдерін естерінде сақтайды.	
Озіне үйренгені	Жаңа білімді түсінеді	
Үйрену	Математикалық тапсырмаларды орындай алады.	

Бекіткіш: *А.Ж.*

Оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың технологиялық картасы.

МАД"б"	Тәрбиеші: А.Жұпарғалиева	Күні:10.05.2022ж
Білім саласы	Вариативтік компонент	
Оқу іс-әрекеті	Сандар сыры	
Тақырыбы	Жасырынған санды тап	
Сабақтың мақсаты	Балалардың сандар қатары туралы білімдерін бекіту. Логикалық есептер арқылы ой-өрісін дамыту.Балаларды шапшаңдыққа,ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	
Корнекіліктер	Үлестірмелі суреттер, плакат т.б	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	Қол алысып, кәне біз, Достасайық бәріміз Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шеңберге, Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру!	Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	II.Суретпен жұмыс -Суретте нені көріп тұрсыңдар? -Тағы қандай заттарды білесіңдер? -Ол заттар не үшін керек? III.Дидактикалық ойын "Заттарды өз орнына қой" Ыдыс аяқ - тамақ үшін Киім кешек - кию үшін Ойыншықтар - ойнау үшін Кітап, оқу құралдары - білім алу үшін Балалар, біз бүгін ертегілер әлеміне саяхатқа шығамыз. Саяхатқа пойызбен шығамыз. - Балалар, біз қандай сандармен таныстық? - Жасырынған вагон сандарын ретімен тірке. Онда ретімен тіркеп алайық. - Енді вагондарды ретімен санайықшы. - Енді кері санайық. - Вагондар саны нешеу екен? Ауызша есептер шығару - Екі балапан тұр, Екі балапан отыр. Шатаспай тез ойлансаң, Тура тауып, тура айтсаң, Тұрғаны бар, отырғаны Барлығы қанша балапан? - Пісіп тұрған төрт алмұрт, Қызығатын көрген жұрт. Екі алмұртты бұтақтан, Алып жеді Мұратқан. Қанша қалды алмұрттан? - Бес алманың үшеуін, Досын сұрап алды. Айтшы, сонда нешеуі, Өз қолыңда қалды?	Сұраққа жауап береді. Сандарды санап және кері санау. Балалар ауызша есептен шығарады.

Сергіту сәті	Оңға, оңға түзу тұр. Солға, солға түзу тұр. Артқа қарай бір адым Алдыға қарай бір адым Жоғары төмен қарайық Орнымызды табайық.	Қимылмен көрсетеді
Рефлексивті — түзетушілік	- Бүгінгі оқу іс-әрекетімізде не үйрендіңдер? - Жүннен не жасауға болады?	Сұрақтарға жауап береді
Күтілетін нәтиже:		
Білу	Тапсырма мазмұнын толық есте сақтады.	
Өзіне үйренгені	Жаңа білімді түсінеді	
Үйрену	Сұрақтарға толық жауап беруге үйрену.	

МАД"б "	Тәрбиеші: А.Жұпарғалиева	Күні: 24.05.2022жыл
Білім саласы	Вариативтік компонент	
Оқу іс-әрекеті	Сандар әлемі	
Тақырыбы	Тура және кері санау	
Сабақтың мақсаты	0-10 сандарын қайталау, 1-ден 10-ға дейін реттік және есептік санау, 10 санының сандар қатарындағы орны туралы білімдерін кеңейту, есептер шығаруға үйрету. Геометриялық фигуралардың атауы, заттардың қасиеті мен заттарды топтарға бөлу. Ойлау өрісін, ойлау қабілетін математикалық тілін дамыту.	
Көрнекіліктер	Үлестірмелі суреттер, плакат т.б	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	Қол алысып, кәне біз, Достасайық бәріміз Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру!	Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	Балалар бүгін бізге қонаққа қоян келді. Сәлеметсіздерме балалар қонындағы себетімді ашып көргілерін келеме онда менім тапсырмамды орындауларын керек. Қоян-балалар кәне себетті ашайық па? -Балалар қоян неші жақсы көреді? -Себетте сәбіз бар екен, кәне кім санап береді екен? 1-сәбіздің тапсырмасы : 1-10 дейінгі сандарды санау Тура және кері санату. 2-сәбіздің тапсырмасы: 1-10 дейінгі сандарды санау орыс, ағылшын тілдерінде санау 3-сәбіздің тапсырмасы: «Шатасқан сандар» ойыны Шарты: 0-10 дейінгі сандар таратылады, музыка әуені естілгенде олар билейді, тоқтағанда 0-10ға дейін сандар ретімен тұрады. 4-сәбіздің тапсырмасы: Қандай сан жетіспейді? 0 2 4 6 8 10 5-сәбіздің тапсырмасы: Сандар туралы санамақ 6-сәбіздің тапсырмасы Тосын сый балаларға кәмпит тарату. Қоян тапсырмаларды жақсы орындағаны үшін кәмпит таратып алғыс білдіреді.	Балалар тапсырмаларын орындаймыз ба? -Ия -сәбізді 10-сәбіз бар тура және кері санайды. Барлығы қосылып тапсырмаларды орындайды. Балалар қоянға рахмет айтады.
Сергіту сәті	Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Артка қарай бір адым Алдыңа қарай бір адым Жоғары төмен қарайық Орнымызды табайық.	Қимылмен көрсетеді

Рефлексивті — түзетушілік	- Бүгінгі оқу іс-әрекетімізде не үйрендіңдер?	Сұраққа жауап береді
Күтілетін нәтиже:		
Білу	Тапсырма мазмұнын толық есте сақтады.	
Өзіне үйренгені	Жаңа білімді түсінеді	
Үйрену	Сұрақтарға толық жауап беруге үйрену.	



«Бекітінді»
Мектеп директоры:
С. Е. Султанов

«Қаралды»

Оқу – ісінң меңгерушісі:
С. Нұрмолдина

«Талқыланды»

Әдістемелік бірлестік жетекшісі:
Т. Сисенова

Сауаттылық әліппесі аптасына – 1 сағат, барлығы – 32 сағат

Мақсаты: Мемлекеттік тілді үйренуге дайын, ересектер мен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауға талпынысы бар мектепке дейінгі кіші жастағы бала тұлғасын қалыптастыру. Тілдік қарым-қатынас іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру. Ойын технологиясын қолдану арқылы баланың тілге деген қызығушылығын дамытып қалыптастыру және ұлттық ойын элементтерін қолдану арқылы салт-дәстүрді білуге, сүюге тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Баланың сөздер мен дыбыстарды дұрыс айтуға әзірлігін дамыту;
- Сөздік қорын байытып, сойлеу барысында қолдану;
- Тілдің грамматикасын дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру;
- Мектепке дейінгі кіші жастағы баланың қызығушылығын қазақтың ұлттық ойыны арқылы арттыру;
- Ұлтжандылық пен халқымыздың мәдени-тарихи дәстүрлері негізінде тәрбиелеу арқылы бала бойына жалпыадамдық, мәдени және адамгершілік құндылықтарын дарыту;
- Баланы дүниежүзілік және жазықұлттық құндылықтар рухында тәрбиелеу мақсатында отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның бірлескен мүмкіншіліктерін пайдалану;
- Әр баланың тұлғалық қасиеті және оны ауыспалы өмір жағдайында әрі қарай сәтті дамыту мақсатында өзін-өзі тану, өз ойын еркін білдіру және оны іске асыру дағдыларын жетілдіру.

Сауаттылық әліпшесі

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күні	Мақсаты мен міндеттері	Қолданылатын материалдар, көрнекіліктер
1-2	Сурет бойынша әңгімелеу	2	6.13.09	Сурет бойынша байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойын дұрыс жеткізе білуге, сөйлем құрауға баулу. Балалардың сөзді дұрыс есті білу және есте сақтай алу қабілетін, тіл байлығын, ой – өрісін дамыту. Отан сүйгіштікке, достық қарым – қатынасқа тәрбиелеу	Қолданылатын материалдар, көрнекіліктер Үлестірмелі суреттер
3-4	Сөз бен дыбыс	2	20.27	Сөз туралы ұғым беру. Балалардың тілін, қиялын, ойын арқылы дамыту. Ойлау және дұрыс сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу. Сөздің дыбыстан құралатынын, дыбыстың дауысты, дауыссыз болып болінетінін түсіндіру.	Ойыншықтар, үлестірмелі материалдар, кеспе әріптер, суреттер Ойыншықтар, үлестірмелі материалдар, кеспе әріптер, суреттер
5-6	Сөйлем	2	4.11.10	Балаларға сөйлем жайында терең түсінік беру. Сөйлем сөзден, сөздер дыбыстардан құралатынын түсіндіру. Сөйлемде неше сөз бар, сөзде неше дыбыс бар екенін ұғындыру. Сөйлем құрауға үйрету. Ойлау, зейін, есте сақтау қабілеттерін арттыру	Ойыншықтар, үлестірмелі материалдар, кеспе әріптер, суреттер
7-8	Дауысты дыбыстар	2	18.25	Дауысты дыбыс туралы түсінік беру. Жаттығулар орындату арқылы дауысты дыбыс туралы білімдерін жетілдіру, сөздің байыту жалпы ой-өрісін дамыту, байқағыштыққа тәрбиелеу.	Ойыншықтар, үлестірмелі материалдар, кеспе әріптер, суреттер
9-10	Дауыссыз дыбыстар ерекшелігі	2	8.15	Дауыссыз дыбыс ерекшелігі туралы түсінік беру. Сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту. Сөйлеу тілін жетілдіру. Ой-өрісін дамыту. Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұқыпты, таза, көркем жазуға тәрбиелеу.	Кестелер, кеспе әріптер, үлестірмелі дидактикалық материалдар
11-12	Буында бөлейік	2	22.29.11	Буын туралы түсінік беру. Сөздерді буынға бөледі үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, ойын дамыту. Сөздердің бір буынынан да көп буынынан тұратынын білдіру.	Ойыншықтар, үлестірмелі материалдар, кеспе әріптер, суреттер
13-14	Дыбыс пен әріп	2	6.13. 12	Дыбыс пен әріп туралы түсінік беру, дыбыс пен әріптің айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Балалардың ойын дамыту, сөздік қорын молайту. Балаларды үй жануарларын сүюге, қамқорлық жасауға үйрету.	Сюжетті суреттер, ойыншықтар, кеспе әріптер
15-16	Әріптер сыры	2	20.27	Балаларға дыбыстау арқылы әріптерді айтқыза отырып, әріптер сырын ұғындыру. Балалардың ойлау ой-өрісін, тілін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	Кестелер, кеспе әріптер, үлестірмелі дидактикалық материалдар
17-18	Жоғалған сөздер	2	10.17. 01	Балалардың зейінін бақылау. «Жоғалған сөздер» ойыны мен	Дидактикалық материалдар,

				таныта отырып, сөздер, сөйлем құруға және дұрыс буынға бөлінуін калағалау. Қолдарын әдемі жазуға тәрбиелеу және қызығушылығын арттыру.	тірек сызбалар, суреттер
19-20	Заттардың жеке атауын ата	2	24.31	Айналадағы заттарға сүйсіненішілікпен қарауға тәрбиелеу. Жаттығулар орындату барысында ұқыптылыққа ойындар ойнату. Ойлау, ой-өрісін дамыту, дұрыс сөйлеуге үйрету. Әр заттың аталуын есте сақтау. Тілдерін дамыту.	Сюжетті суреттер, ойыншықтар, кеспе әріптер
21-22	Заттардың жалпы және жеке атауы	2	14.21.02	Суретке қарап берілген заттардың жалпы және жеке атауын тауып айту. Білімдерін кеңейту. Ойлау қабілеті мен көркем жазу дағдысын дамыту.	Ойыншықтар, үлестірмелі материалдар, кеспе әріптер, суреттер
23-24	Сөздерге дыбыстық талдау жасау	2	28.02.7.03	Сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету, балаларға дыбыс түрлерінің дауысты, дауыссыз болуын ұғындыру. Сөз, сөйлем туралы ұғымдарын кеңейту.	Сюжетті суреттер, ойыншықтар, кеспе әріптер
25-26	Сөз және сөйлем құрау	2	14.03.4.04	Сөз бен сөйлемнің құрастыру жолдарын үйрету. Балаларға сөз бен сөйлемді ажырата білуіне мән беру	Мазмұнды суреттер, кима әріптер, сызба кесте
27-28	Сурет бойынша әңгіме «Тамақтану»	2	11.04.18.04	Балалардың қазақтың ұлттық тағамдарымен таныстыру. Сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшеліктерін меңгерту арқылы сөздері дыбыстарды айқын естіп дұрыс айтуға үйрету. Балалардың сөйлеу тілін жетілдіру. Сөздік қорын байыту.	Сюжетті суреттер, ойыншықтар, кеспе әріптер
29-30	Сурет бойынша әңгіме «Жазда қол жағасында»	2	25.04.2.05	Балаларды жаз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшеліктерін меңгерту арқылы сөздері дыбыстарды айқын естіп дұрыс айтуға үйрету. Сөйлеу тілін жетілдіру, сөздік қорын байыту, жалпы ой-өрісін дамыту.	Мазмұнды суреттер, кима әріптер, сызба кесте
31-32	Білім еліне саяхат	2	16.05.23.05	Балалардың жыл бойы алған білімдерінің сапасына көз жеткізу. Сөздің буынға бөлініп және тұтас оқуға жаттықтыру. Сауат ашуға сөздік қорын байланыстырып сөйлеу қабілеттерін арттыру.	Ойыншықтар, үлестірмелі материалдар, кеспе әріптер, суреттер

Білімнің еңбегі

Оқу іс –әрекетін ұйымдастырудың технологиялық картасы.

МАД "б"	Тәрбиеші: А.Жұпарғалиева	Күні:6.09.2021ж.
Білім саласы	Вариативтік компонент	
Оқу іс-әрекеті	Сауттылық әліппесі	
Тақырыбы	Сурет бойынша әңгіме "Жаз көл жағасында"	
Сабақтың мақсаты	Балаларға сурет бойынша байланыстырып сөйлеуге үйрету. Балалардың сөзді есті білу және есте сақтай алу қабілетін, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту. Отан сүйгіштікке, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	
Көрнекіліктер	суреттер	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	Шаттық шеңбері Біз қандаймыз, қандаймыз? Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз!	Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	Сурет бойынша әңгіме құрау. Өлеңді мәнерлеп оқы, жаттап ал. Бір Аллаға сиынып, Кел, балалар, оқылық. Оқығанды көңілге Ықыласпен тоқылық!	Балалар сурет бойынша әңгіме құрайды. Өлеңді жаттайды.
Сергіту сәті	Бір, екі, үш – Қарлығаш боп үш. Төрт, бес, алты – Қарлығаш боп қалқы Жеті, сегіз, тоғыз,он – Қарлығаш боп қон	Балалар қимылмен көрсетеді
Рефлексивті — түзетушілік		Сұрақтарға жауап береді.
Күтілетін нәтиже:		
Білу	Тапсырма мазмұнын толық есте сақтады.	
Өзіне үйренгені	Жаңа білімді түсінеді	
Үйрену	Сұрақтарға толық жауап беруге үйрену.	

МАД «б»	Тәрбиеші: А.Жұпарғалиева	Күні: 13.09.2021 ж.
Білім саласы	Вариативтік компонент	
Оқу іс-әрекеті	Сауттылық әліппесі	
Тақырыбы	Сурет бойынша әңгімелеу.	
Сабақтың мақсаты	Балаларға сурет бойынша байланыстырып сөйлеуге үйрету. Балалардың сөзді ести білу және есте сақтай алу қабілетін, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту. Отан сүйгіштікке, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	
Көрнекіліктер	суреттер	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	Шаттық шеңбері Біз қандаймыз, қандаймыз? Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз!	Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	Сурет бойынша әңгіме құрау.  Өлеңді мәнерлеп оқы, жаттап ал. Бір Аллаға сиынып, Кел, балалар, оқылық. Оқығанды көңілге Ықыласпен тоқылық!	Балалар сурет бойынша әңгіме құрайды. Өлеңді жаттайды.
Сергіту сәті	Бір, екі, үш — Қарлығаш боп үш. Төрт, бес, алты — Қарлығаш боп қалқы Жеті, сегіз, тоғыз, он — Қарлығаш боп қон	Балалар қимылмен көрсетеді
Рефлексивті — түзетушілік		Сұрақтарға жауап береді.
Күтілетін нәтиже:		
Білу	Тапсырма мазмұнын толық есте сақтады.	
Өзіне үйренгені	Жаңа білімді түсінеді	
Үйрену	Сұрақтарға толық жауап беруге үйрену.	

Білімнің еңбегі

Оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың технологиялық картасы.

МАД "б"	Тәрбиеші: А.Жұпарғалиева	Күні:20.09-27.09.2021ж.
Білім саласы	Вариативтік компонент	
Оқу іс-әрекеті	Сауттылық әліппесі	
Тақырыбы	Сөзбен дыбыс	
Сабақтың мақсаты	Балаларға сөз, дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің бірнеше дыбыстан құралатынын, дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру. Жазуға қолын жаттықтыру. Сөздерге дыбыстық талдау жасату арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.	
Көрнекіліктер	суреттер	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	Шаттық шеңбері Біз қандаймыз, қандаймыз? Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз!	Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	«Не естідің?» дидактикалық ойыны. Ойын шарты: аудиотаспадан жануарлардың дауыстарын және балғаның дауысын тыңдатып, ненің дауысы екенін ажырату. -Сонымен, балалар, естіген дауыстарды тағы қалай айтуға болады? -Дыбыс. -Дыбыстар әртүрлі болады. Мысалы: а-а-а деп, а дыбысын созып айтуға болады. Дауыс еркін шығады. Ал енді кейбір дыбыстардың айтылуы қысқа болады. Мысалы: о дыбысы. Кәне, бәріміз осы екі дыбысты жеке-жеке айтып көрейік. <i>Дыбысты естиміз.</i> Дыбыстар 2-ге бөлінеді: дауысты және дауыссыз дыбыстар. Дыбыстардан сөз құралады. <i>«Ана»</i> деген сөзге дыбыстық талдау жасалады. <i>Ана</i> сөзі үш дыбыстан тұрады. <i>«Кім көп біледі?» дидактикалық ойыны.</i> <i>Шарты:</i> ойынның бірінші кезеңінде балалар дыбыстарды айтып жарысады. Екінші кезеңінде дыбыстардан сөз құрастырып айтады. Көп сөз құраған бала жеңімпаз атанады. Сөз құрату және дыбыстық талдау жасату. Мысалы: <i>ара</i> сөзі үш дыбыстан тұрады: а, р, а.	Балалар толық жауап береді. Балалар а және д дыбысын айтады. А дыбысының еркін айтылатынын, ал д дыбысының өзін созып айта алмайтындарын, оны «ды» деп айтуға болмайтындығын айтады. Балалардың өздері сөз құрайды. Сұрақтарға толық жауап береді.
Сергіту сәті	Бір, екі, үш – Қарлығаш боп үш. Төрт, бес, алты – Қарлығаш боп қалқы Жеті, сегіз, тоғыз, он – Қарлығаш боп қон	Балалар қимылмен көрсетеді
Рефлексивті — түзетушілік	-Балалар, дыбыс деген не? -Дыбыстар нешеге бөлінеді, ата? -Буын деген не? Бірнеше дыбыстардан не құралады? (Сөз)	Сұрақтарға жауап береді.
Күтілетін нәтиже:		
Білу	дыбыс, дауысты(қызыл) және дауыссыз(көк) дыбыстар, буын, сөз туралы;	
Өзіне үйренгені	дыбыстық талдау жасап, сөз құрау және дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата алу.	
Үйрену	Сұрақтарға толық жауап беруге үйрену.	

б.к.к.и.с.с.с.

Оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың технологиялық картасы.

МАД "Б"	Тәрбиеші: А.Жұпарғалиева	Күні: 4.10-11.10.2021ж.
Білім саласы	Вариативтік компонент	
Оқу іс-әрекеті	Сауттылық әліппесі	
Тақырыбы	Сөйлем	
Сабақтың мақсаты	Балаларға сөйлем туралы түсінік беру. Сурет бойынша сөйлем құруға, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сөйлемдер құрату арқылы балалардың ой-өрісін, сөздік қорын, тілін дамыту. Балаларды ұғымталдыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Жазуға қолдарын жаттықтыру.	
Көрнекіліктер	суреттер	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	Шаттық шеңбері Біз қандаймыз, қандаймыз? Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз!	Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	2. Жұмбақ Өзі сондай нәзік, Су құйсақ кетеді. Алақанын жазып. (гүл) Гүлдің суретін көрсетіп, гүлге байланысты бірнеше сөз құрастырту. Мысалы: – Гүл. Өсеті, Әлемі. Бақ. – Дұрыс. Енді осы сөздерді бір-бірімен байланыстырып айтып көрейік. – Бақта әдемі гүл өсті. Осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастырғандарын, сөйлемді қалай құрастыру керектігін, яғни жасалу жолын үйренетіндіктерін айтады. Сұрақтар: Сөйлем бірнеше сөзден құралады. Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен байланысып тұрады. Сөйлем аяқталған ойды білдіреді.	Балалар барлық қимылдарды тәрбиешіге қарап, қайталайды. Берілген тапсырмаларды орындайды.
Сергіту сәті	Бір, екі, үш – Қарлығаш боп үш. Төрт, бес, алты – Қарлығаш боп қалқы Жеті, сегіз, тоғыз, он – Қарлығаш боп қон	Балалар қимылмен көрсетеді
Рефлексивті — түзетушілік	«Кім шапшаң сөйлем құрайды?» дидактикалық ойыны. Шарты: педагог балаларға заттардың атын айтады, балалар аталған сөзді қатыстырып, сөйлем құрастырады. Ойын соңында шапшаң әрі көп сөйлем құрастырған бала жеңімпаз атанады.	дидактикалық ойынды қызыға ойнайды.
Күтілетін нәтиже:		
Білу	сөйлем туралы түсінік алды.	
Өзіне үйренгені	Сурет бойынша сөйлем құруды, байланыстырып сөйлеуді игерді.	
Үйрену	Сұрақтарға толық жауап беруге үйрену.	

Белгілеу: ер

Оқу іс –әрекетін ұйымдастырудың технологиялық картасы.

МАД "Б"	Тәрбиеші: А.Жұпарғалиева	Күні: 18.10 - 25.10.2021 ж.
Білім саласы	Вариативтік компонент	
Оқу іс-әрекеті	Сауттылық әліппесі	
Тақырыбы	Дауысты дыбыстар	
Сабақтың мақсаты	Балаларға дауысты және дауыссыз дыбыстардың айтылу ерекшелігі туралы түсінік беру. 2. Жаттығулар орындату арқылы дауысты дыбыс туралы білімдерін жетілдіру. 3. Балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорларын байыту, жалпы ой-өрісін дамыту, байқағыншыққа тәрбиелеу.	
Көрнекіліктер	суреттер	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	Шаттық шеңбері Біз қандаймыз, қандаймыз? Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз!	Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	Балалар дыбыс нешеге бөлінеді? Дауысты дыбыстар созылып, әндетіліп айтылады. Дауысты дыбыстарды қызыл текшемен белгілейміз. Дауысты дыбыстар: а, ә, и, о, ө, е, э, у, ұ, ү, ы, і, ю, я, ё. Дауысты дыбыстарды жеке айтқызу. Мысалы: а-а-а, э-э-э, и-и-и, о-о-о, ұ-ұ-ұ, ү-ү-ү, і-і-і, т.б. Мына суреттегі көбелек, домбыра, орындық, үйрек сөздегі дауысты дыбыстар қанша болса, сонша рет қолдарын шапалақтап білдіреді. "Ұйқасын тап" дидактикалық ойыны 1. Орыннан орынға ауысқан, Ұшқалақ қара ала....(сауысқан) 2. Бәрі бірдей жұмысқа Шығады кім? (Құмырсқа)	Балалар барлық кимылдарды тәрбиешіге қарап, қайталайды. Берілген тапсырмаларды орындайды.
Сергіту сәті	Бір, екі, үш – Қарлығаш боп ұш. Төрт, бес, алты – Қарлығаш боп қалқы Жеті, сегіз, тоғыз, он – Қарлығаш боп қон	Балалар кимылмен көрсетеді
Рефлексивті — түзетушілік	-Дауысты дыбыстар қалай айтылады?	Жауап береді
Күтілетін нәтиже:		
Білу	Тапсырма мазмұнын толық есте сақтады.	
Өзіне үйренгені	Жаңа білімді түсінеді	
Үйрену	Сұрақтарға толық жауап беруге үйрену.	

МАД "б"	Тәрбиеші: А.Жұпарғалиева	Күні:8.11.-15.11.2021 ж.
Білім саласы	Вариативтік компонент	
Оқу іс-әрекеті	Сауттылық әліппесі	
Тақырыбы	Дауыссыз дыбыстар ерекшелігі	
Сабақтың мақсаты	Балаларға дауыссыз дыбыс ерекшелігі туралы түсінік беру. Сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту. Сөйлеу тілін жетілдіру. Ой-өрісін дамыту. Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	
Көрнекіліктер	суреттер	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	Шаттық шеңбері Біз қандаймыз, қандаймыз? Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз!	Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	Балалар дыбыс нешеге бөлінеді? Дауыссыз дыбыстар кедергіге ұшырап, қысқаша айтылады. Дауыссыз дыбыстарды көк текшемен белгілейміз. Жұмбақ: 1. Ағаш көрсе қышынар, Сояу-сою тісі бар. 2. Басы – құрыш, Сабы – шырыш. 3. Еңбек, ауыл еңбегі, дала еңбегі, қаладағы еңбек, баланың өзіне-өзі көрсететін қызметі жайлы әңгімелесу, сұхбаттасу. «Не істер едің?» дидактикалық ойыны. Шарты: баланың зеректілігін, логикалық ойын байқау мақсатында «Не істер едің?» деген сұраққа жауап алынады: - Пальтонның түймесі үзіліп қалса, не істер едің? - Киім ілгіштің шегесі жұлынып кетсе, ... - Шафтың сөресін түсіріп алсаң, ... - Бөтекеннің бауы үзіліп қалса, ... Сұрақ-жауап әдісі арқылы дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдері пысықталады. - Өздерің білетін дауысты дыбыстарды атаңдар.Жануарлардың «дыбысын» келтірейік. - - Сиыр қалай дыбыстайды? - Сиыр «мө-мө» деп моңірейді. - Өз атын өзі шақыратын құсты білесіңдер ме? - Көкек, кө-кек, кө-кек... Соңғы (к) дыбысты созып айтып көрейікші ... Дауыссыз дыбыстар ауыз қуысында кедергіге ұшырап, айтуға, дыбыстауға келмейтінін түсіндіреді. Дауыссыз дыбыстарды дауысты дыбыстардың көмегімен айтуға болатынын айтып, оған мысал ретінде бір буынды сөздерді айтқызады: ат а-а-т ер е-е-р сүт с-ү-т Бірнеше дауыссыз дыбыстарды айтқызу: т-ы; р-ы; к-і; г-і. Сурет бойынша «Балабақша бөлмесі» және «Сыныпта» деген	Сұраққа жауап береді. Жұмбақты шешеді. (Ара) (Балға) Балалар барлық қимылдарды тәрбиешіге қарап, қайталайды. Берілген тапсырмаларды орындайды.

	тақырыптарда әңгіме құратып, жекелеген сөздерге дыбыстық талдау жасату. Сөздегі дауыссыз дыбыстарды хормен қайталату. а) Текше, қонжық, дәптер сөздеріне дыбыстық талдау жасап, олардың неше дыбыстан тұратынын айтқызады. б) Берілген үзік сызықтарды қосып, таяқшаларды жазу. Машинаның суретін торкөзді санап салып, жөне бояйды.	
Сергіту сәті	Бір, екі, үш – Қарлығаш боп үш. Төрт, бес, алты – Қарлығаш боп қалқы Жеті, сегіз, тоғыз, он – Қарлығаш боп қон	Балалар қимылмен көрсетеді
Рефлексивті — түзетушілік	-Дауысты дыбыстар қалай айтылады?	Жауап береді
Күтілетін нәтиже:		
Білу	Тапсырма мазмұнын толық есте сақтады.	
Өзіне үйренгені	Жаңа білімді түсінеді	
Үйрену	Сұрақтарға толық жауап беруге үйрену.	

Білім саласы: с/б

Оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың технологиялық картасы.

МАД "б"	Тәрбиеші: А.Жұпарғалиева	Күні:22.11-29.11.2021 ж.
Білім саласы	Вариативтік компонент	
Оқу іс-әрекеті	Сауттылық әліппесі	
Тақырыбы	Буынға бөлейік	
Сабақтың мақсаты	Буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуге үйрету, енбексүйгіштікке тәрбиелеу, ойын дамыту.	
Көрнекіліктер	суреттер	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	Шаттық шеңбері Біз қандаймыз, қандаймыз? Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз!	Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	Өткен сабақты пысықтау. Суретті үлгі бойынша шана сөзіне дыбыстық талдау жасату. — Сонымен, шана сөзінде неше дыбыс бар екен, ондағы дыбыстарды атаңдар. Суретті үлгінің төменгі жағындағы жолақшаға «ша», «на» деп кеспе әріптерден құрап жазып, буын туралы түсінік беріледі. — Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буынға я болмаса бөлікке бөлуге болады. — «Шана» сөзінде неше дауысты дыбыс бар? — Мен неше бөлікке бөліп айтамын, мұқият тыңдандар. — Ша-на, бірінші ша бөлігін ша буыны, ал екінші на бөлігін на буыны деп айтамыз. — Шана сөзі неше буыннан тұрады? Әр буынын атап айт. — Екі буыннан. Бірінші -ша, екінші -на буыны. «Шана» сөзін буындап айтқызу. Раушан, ата, ай, көбелек сөздерін буынға бөліп айтқызу. Раушан, а-та, ай, кө-бе-лек. Балалардың өздеріне жеке сөздер ойлатып, буынға бөлдіріп, неше буын екенін айтқызу.	Шана деген сөзде неше дыбыс бар екенін айтады. Балалар барлық қимылдарды тәрбиешіге қарап, қайталайды. Берілген тапсырмаларды орындайды.
Сергіту сәті	Бір, екі, үш — Қарлығаш боп ұш. Төрт, бес, алты — Қарлығаш боп қалқы Жеті, сегіз, тоғыз, он — Қарлығаш боп кон	Балалар қимылмен көрсетеді
Рефлексивті — түзетушілік	«Кім шапшаң сөйлем құрайды?» дидактикалық ойыны. Шарты: педагог балаларға заттардың атын айтады, балалар аталған сөзді буынға бөледі. Ойын соңында шапшаң әрі көп буынға бөлген бала жеңімпаз атанады.	дидактикалық ойынды қызыға ойнады.
Күтілетін нәтиже:		
Білу	Буынға бөлу туралы түсінік алды.	
Өзіне үйренгені	Сурет бойынша сөйлем құруды, байланыстырып сөйлеуді игерді.	
Үйрену	Сұрақтарға толық жауап беруге үйрену.	

Басқарманың: с.ф.

Оқу іс –әрекетін ұйымдастырудың технологиялық картасы.

МАД "б"	Тәрбиеші: А.Жұпарғалиева	Күні:6.12 -13.12.2021ж.
Білім саласы	Вариативтік компонент	
Оқу іс-әрекеті	Сауттылық әліппесі	
Тақырыбы	Дыбыс пен әріп	
Сабақтың мақсаты	Дыбыс пен әріп туралы түсінік беру, дыбыс пен әріптің айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Сөздерге дыбыстық талдау жасату арқылы ақыл-ойын дамыту, сөйлем құрату арқылы сөздік қорын молайту. Топтық жұмыста бір-біріне көмектесуге үйрету. Жазуға қолдарын жаттықтыру.	
Көрнекіліктер	суреттер	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	Шаттық шеңбері Біз қандаймыз, қандаймыз? Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз!	Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	1. Жұмбақ Бұл не? Сиыр. Қай дыбыстан басталып тұр? (С) С и ы р сөзінде қанша дыбыс қанша әріп бар? 4 әріп 4 дыбыс Сиыр сөзің буынға бөлу. Си-ыр екі буын . Қанша дауысты дыбыс болса сонша буын болады Сөздің естілуіне қарай бірнеше бөлікке бөлуге болады. Оны буынға бөлу деп атаймыз. Қанша дауысты дыбыс,қанша дауыссыз дыбыс.оларды Екі дауысты,ол и және ы дыбыстары. Ол үйткені созылып әндетіп кедергіге ұшырамай айтылады. Қызыл текшемен белгілейміз. С, Р-дауыссыз үйткені қысылып кедергіге ұшырап дыбыстауға келмейді. Сиыр бұл сөз. Сиыр қандай болады ? Ала бұл да сөз. Енді екі сөзді байланыстырайық. Ала сиыр. Бұл енді сөйлем болады. Сөйлем сөздерден құралады.Ол тиянақты ойды білдіреді. Оны мынадай сызба түрінде береміз. Текшемен сөйлемді жазу.(тақтада) Сөйлем арқылы адам өз ойын көргенін түсіндіреді.Сөйлемдегі сөздер бір бірінен бөлек жазылады. Сөйлемнің бірінші сөзі бас әріппен беріледі. Сөйлем соңында .! ? белгісі қойылады.	Балалар жұмбақты шешеді. Балалар барлық қимылдарды тәрбиешіге қарап, қайталайды. Берілген тапсырмаларды орындайды.
Сергіту сәті	Бір, екі, үш – Қарлығаш боп үш. Төрт, бес, алты – Қарлығаш боп қалқы Жеті, сегіз, тоғыз,он – Қарлығаш боп қон	Балалар қимылмен көрсетеді
Рефлексивті — түзетушілік	-Балалар, дыбыс деген не? - Әріп деген не?	Сұрақтарға жауап береді.
Күтілетін нәтиже:		
Білу	дыбыс, дауысты(қызыл) және дауыссыз(көк) дыбыстар, буын, сөз туралы;	
Өзіне үйренгені	дыбыстық талдау жасап, сөз құрау және дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата алу.	
Үйрену	Сұрақтарға толық жауап беруге үйрену.	

кеңісінші: с/ф

Оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың технологиялық картасы.

МАД «б»	Тәрбиеші: А.Жұпарғалиева	Күні:20.12.27.12.2021 жыл
Білім саласы	Вариативтік компонент	
Оқу іс-әрекеті	Сауаттылық әліппесі	
Тақырыбы	Әріптер сыры	
Сабақтың мақсаты	Балаларға дыбыстау арқылы әріптерді айтқыза отырып, әріптер сырын ұғындыру. Балалардың ойлау ой-өрісін, тілін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	
Көрнекіліктер	суреттер	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	Шаттық шеңбері Армысың асыл күн, Армысың жан досым. Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым.	Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	Ұйымдастыру кезеңі. Балалардың сабаққа даярлығын тексеру. Сабаққа қажетті оқу-құрал жабдықтарын даярлату. Сабаққа даярлық кезеңі. Өткен сабақтағы танысқан материалдарды бекіту. - Дыбысты айтамыз, естиміз. - Әріп дыбыстың таңбасы. Әріпті жазамыз. - Балалар, әрқайсысың есімдерінің қай дыбыстан басталатынын айдыңдар. - Менің атым Назгүл. Менің атым н дыбысының басталады. 1. Дәрігерге келген бала аузын кең ашып "а-а-а" деп айтады. Сонда а дыбысы естіліп тұр. 2. Суреттегі бала тонып " у-у-у" деп тұр. Сонда у дыбысы естіліп тұр. 3. Келесі суретте бала барабан соғып тұр. Барабан дегенде бірінші дыбыс б дыбысынан басталып тұр. "Н, А, У, Б" " дыбыстарының әріп таңбаларын көрсету арқылы түсіндіремін.	Балалар барлық қимылдарды тәрбиешіге қарап, қайталайды.
Сергіту сәті	Бір, екі, үш – Қарлығаш боп ұш. Төрт, бес, алты – Қарлығаш боп қалқы Жеті, сегіз, тоғыз, он – Қарлығаш боп қон	Балалар қимылмен көрсетеді
Рефлексивті — түзетушілік	Балаларға жаңа тақырып бойынша сұрақтар қойылады. Сабаққа белсенді қатысқан балалар мақталып, мадақталады.	Сұрақтарға жауап береді.
Күтілетін нәтиже:		
Білу	Балалар сабақта өтілген ұғымдар жайлы білу.	
Өзіне үйренгені	Жаңа білімді түсінеді.	
Үйрену	Сұрақтарға толық жауап беруге үйрену.	

Білімнің аяғы

Оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың технологиялық картасы.

МАД "б"	Тәрбиеші: Жұпарғалиева Арайгүл	Күні: 10.01.17.012022ж.
Білім саласы	Вариативтік компонент	
Оқу іс-әрекеті	Сауттышық әліппесі	
Тақырыбы	Жоғалған сөздер	
Сабақтың мақсаты	Балаларға сөйлем туралы түсінік беру. Суретке бойынша сөйлем құрауға, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сөйлемдер құрату арқылы балалардың ой-өрісін, сөздік қорын, тілін дамыту. Балаларды ұғымтадыққа, әдептілікке тәрбиелеу.	
Көрнекіліктер	суреттер	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	Шаттық шеңбері Біз қандаймыз, қандаймыз? Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз!	Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	Жұмбақ Өзі сондай нәзік, Су құйсақ кетеді. Алақанын жазып. Гүл. Өсті. Әдемі. Бак. - Дұрыс. Енді осы сөздерді бір-бірімен байланыстырып айтып көрейік. - Бакта әдемі гүл өсті. Педагог осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастырғандарын, сөйлемді қалай құрастыру керектігін, яғни жасалу жолын үйренетіндіктері найтады. Жетекші сұрақтар қояды. - Гүл қайда өседі? - Гүл бакта өседі. - Бакта қандай гүл өсіп тұр? - Бакта әдемі гүл өсіп тұр. - Енді осы сөздерді біріктіріп айтайық. - Бакта әдемі гүл өседі. - Сөйлем бірнеше сөзден құралады. Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен байланысып тұрады. Сөйлем аяқталған ойды білдіреді. Бақтияр, мен саған денсаулық тілеймін.	Балалар жұмбақты шешеді. (Гүл) Балалар барлық қимылдарды тәрбиешіге қарап, қайталайды. Берілген тапсырмаларды орындайды.
Сергіту сәті	Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен боп өседі	Балалар қимылмен көрсетеді
Рефлексивті — түзетушілік	Сөйлем неше сөзден құралады?	Сұраққа жауап береді.
Күтілетін нәтиже:		
Білу	Тапсырма мазмұнын толық есте сақтады.	
Өзіне үйренгені	Жаңа білімді түсінеді	
Үйрену	Сұрақтарға толық жауап беруге үйрену.	

Білімшінің аты

Оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың технологиялық картасы.

МАД "б"	Тәрбиеші: А.Жұпарғалиева	Күні: 24.01 - 31.01.2022 ж.
Білім саласы	Вариативтік компонент	
Оқу іс-әрекеті	Сауттылық әліппесі	
Тақырыбы	Заттардың жеке атауын ата	
Сабақтың мақсаты	Жеке заттардың атауларын білу, оның ішінде жеміс атауларымен таныстыру. Оларды не үшін пайдаланамыз, олар қайда өседі? Олардан не жасалатынын денсаулыққа адам ағзасына әсері қандай екенін атап түсіндіру. Буындық дыбыстық талдау жасауға дағдыландыру. Ойлау, ой-өрісін дамыту, дұрыс сөйлеуге үйрету. Әр заттың аталуын есте сақтау. Тілдерін дамыту. Айналадағы заттарға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу. Жаттығулар орындату барысында ұқыптылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.	
Көрнекіліктер	суреттер	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	Шаттық шеңбері Біз қандаймыз, қандаймыз? Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз!	
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	-Бір жылда неше мезгіл бар? -Дұрыс төрт мезгіл бар. -Күзде пісетін қандай жемістерді білесіңдер? - Ал енді, балалар, мына себетке қараймыз. Қандай заттар? - Себеттегі әр түрлі жемістер. - Қане, әр қайсысының атын атайық. - Алма, алмұрт, ананас, жүзім, банан. Бұлардың барлығы күзде пісетін өсімдіктер. Қане, жемістердің атын атап, буынға бөлейік. Мысалы: алма – ал-ма, ал-мұрт т.б. Ал енді, ойын ойнайық. Көзді жұмып тұрып себеттегі жемістерді сипап сезу арқылы анықтап, ойын сипаттату. - Банан. - Дәмі тәтті. - Бұл тропикалық өсімдік, бізде өспейді. - Алма қызыл, дәмді, одан тосап, сусындар дайындауға болады, ағашта өседі. Осы жемістер адам ағзасына пайдалы және әр түрлі витаминдер береді екен. Адамның өсіп жетілуіне жақсы көмектеседі. Ал енді мына буыннан сөз құраймыз. Алма, жүзім, шие. Жалқаулықты тастаймыз, Шынығамыз жастай біз. Ырғағымен әуеннің, Жаттығуды бастаймыз.	
Сергіту сәті	Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен боп өседі	Балалар қимылмен көрсетеді
Рефлексивті — түзетушілік	Сонымен қандай заттармен (жемістермен) таныстық? - Жемістер қайда өседі?	Сұрақтарға жауап береді.
Күтілетін нәтиже:		
Білу	Тапсырма мазмұнын толық есте сақтады.	
Өзіне үйренгені	Жаңа білімді түсінеді	
Үйрену	Сұрақтарға толық жауап беруге үйрену.	

Білімменің оңы

Оқу іс –әрекетін ұйымдастырудың технологиялық картасы.

МАД "б"	Тәрбиеші: А.Жұпарғалиева	Күні:14.02.21.02.2022 ж.
Білім саласы	Вариативтік компонент	
Оқу іс-әрекеті	Сауттылық әліппесі	
Тақырыбы	Заттардың жалпы және жеке атауы	
Сабақтың мақсаты	Суретке қарап берілген көкөністер,жәндіктер мен ағаштардың атауын атап жазуға үйрету.Олар туралы білімдерін кеңейту.Адам ағзасына әсері қандай екенін білдіру. Ойлау қабілеті мен жазу дағдысын дамыту. Оқушыларды табиғатты аялауға және табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	
Көрнекіліктер	суреттер	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	Шаттық шеңбері Біз қандаймыз, қандаймыз? Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз!	Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	-Бір жылда неше мезгіл бар? -Дұрыс төрт мезгіл бар. Жеке әр суретті көрсете отырып,атауын сұрау. а)Бұл не? -Қиярдың пішіні,түрі қандай? -Қияр жасыл түсті,сопақша,қара тікені бар. -Неге қолданамыз? -Осы сияқты сәбіз,аскабак,пияз туралы түсіндірме әңгіме жүргізу. -Мынау не? -Пияздың пішіні қандай? -Пиязды не үшін пайдаланамыз? -Дұрыс балалар пияздың сонымен қатар емдік қасиеті бар екен.Пиязды қыс мезгілінде тұмаудан сақтануға қолданамыз.Тұмау кезінде оның ащы суы бізге пайдалы екен. ә)Сол сияқты ағаш түрлерімен жұмыс. -Шырша жасыл түсті,көйлек пішінді.Шырша қысы-жазы бойы бір түсте болады.Шыршаны жаңа жыл мерекесінде пайдаланады. б)Қоңыз,кірпі суреттерін көрсетіп әңгіме жүргізу. Мысалы: -Бұл кірпі сопақша,тұмсығы ұзын,жотасы тікенек.Кірпі адам өміріне өте пайдалы оны үйде,аулада асырауға болады.Кірпі жүрген жерде жылан болмайды.Кірпі сүтпен қоректенеді.	Балалар сұрақтарға жауап береді. Балалар барлық қимылдарды тәрбиешіге қарап, қайталайды. Берілген тапсырмаларды орындайды.
Сергіту сәті	Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел өседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен боп өседі	Балалар қимылмен көрсетеді
Рефлексивті — түзетушілік	Сонымен қандай заттармен (көкөністермен) таныстық ? - Көкөністер қайда өседі ?	Сұрақтарға жауап береді.
Күтілетін нәтиже:		
Білу	Тапсырма мазмұнын толық есте сақтады.	
Өзіне үйренгені	Жаңа білімді түсінеді	
Үйрену	Сұрақтарға толық жауап беруге үйрену.	

Білімнің аяғы

Оқу іс –әрекетін ұйымдастырудың технологиялық картасы.

МАД "б"	Тәрбиеші: А.Жұпарғалиева	Күні: 28.02.7.03.2022ж.
Білім саласы	Вариативтік компонент	
Оқу іс-әрекеті	Сауттылық әліппесі	
Тақырыбы	Сөздерге дыбыстық талдау жасау	
Сабақтың мақсаты	Балалардың өткен сабақ туралы білімдерін бекіту. Сөздерге дыбыстық талдау жасау, сөз ойлап, сөзден сөйлем құрату, буынға бөлу және тұтас оқуға жаттықтыру арқылы балалардың сөздік қорын байыту. Байланыстырып сөйлеу қабілеттерін, логикалық ойлауын, есте сақтауын дамыту. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	
Көрнекіліктер	суреттер	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	Шаттық шеңбері Біз қандаймыз, қандаймыз? Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз!	Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
